

бөлігін бөлу тәртібі туралы

Ереже

I. Жалпы ережелер

1. Осы Ереже Қазақстан Республикасы Президентінің "Мемлекеттік кәсіпорындарды акционерлік қоғамдар етіп қайта құру жөніндегі ұйымдық шаралар туралы" 1993 жылғы 5 наурыздағы N 1136 Жарлығына сәйкес бұрынғы мемлекеттік кәсіпорындар негізінде құрылған акционерлік қоғамдардың бірінші басшыларына (президенттеріне) республиканың экономикалық әлеуетін құрайтын қоғамдардың білікті басшыларын ынталандыруға арнап сату үшін акциялардың мемлекеттік пакетінің бір бөлігін бөлудің тәртібі мен шарттарын анықтайды.

Бұдан әрі - қоғам

2. Ереже мемлекеттік пакеті 51 процент және одан да көп болатын қоғамдарға қолданылады.

Мемлекеттік пакеті 51 проценттен аз болатын қоғамдарда басшыларға акциялар беру тиісті қоғамның жарғысында көзделген жалпы тәртіп бойынша жүзеге асырылады.

3. Акциялардың мемлекеттік пакетінің бір бөлігін бөлу туралы шешімді Қазақстан Республикасының Президенті қабылдайды.

II. Бөлінетін акциялар пакетінің мөлшері

4. Қоғамдардың бірінші басшыларына сату үшін акциялардың мемлекеттік пакетінің бір бөлігін бөлу олардың кәсіпорын қызметкері ретінде Мемлекет иелігінен алу мен жекешелендірудің ұлттық бағдарламасына сәйкес артықшылықты акцияларды алуымен қатар жүзеге асырылады.

5. Бөлінетін акциялар пакетінің мөлшері қоғам жұмысының нәтижесіне байланысты. Бөлінетін акциялар пакетінің шамасы акциялардың мемлекеттік пакетінің жалпы шамасының 5 процентінен аспауға тиіс.

6. Басшыларға бөлінетін акциялар пакетін олар номиналдық құны бойынша сатып алады. Сатып алу номиналдық құны бойынша акциялар пакетінің құнын біржолғы жарна немесе 3 жылға дейінгі мерзімде бөліп-бөліп төлеу арқылы жүзеге асырылады. Бөліп-бөліп сатып алған жағдайда бастапқы жарна - акциялардың мемлекеттік пакеті құнының 20 проценті енгізіледі, сатып алудың кейінгі сомасы тоқсан сайын теңбе-тең үлеспен өтеледі.

III. Акциялардың мемлекеттік пакетінің бір бөлігін бөлу тәртібі

7. Қоғамдардың басшыларына акциялардың мемлекеттік пакетінің бір бөлігін бөлу туралы мағлұмхатты Қазақстан Республикасының Министрлер Кабинеті Қазақстан Республикасының Президентіне ұсынады.

8. Қоғамдардың басшыларына акциялардың мемлекеттік пакетінің бір бөлігін

бөлу туралы тиісті салалық мемлекеттік басқару органдарымен алдын ала келісілген ұсыныстарды Қазақстан Республикасының Министрлер Кабинетіне республиканың Мемлекеттік мүлік жөніндегі мемлекеттік комитеті енгізеді. Мемлекеттік акционерлік компанияларға, оның ішінде холдинг компанияларға кіретін қоғамдар үшін осы қоғам құрамына енген Компанияның басшылығымен к е л і с і п а л у қ а ж е т .

9. Бірінші басшыларға акциялар пакетін бөлуге қажетті шарттар қоғамның қаржы және шаруашылық жағдайын жақсарту болып табылады.

Акциялар пакетін бөлу туралы шешім қабылдау үшін мынадай көрсеткіштер п а й д а л а н ы л а д ы :

қоғам жұмысы рентабельділігінің деңгейі;
еңбек өнімділігінің артуы;
қоғам акцияларының өтімділігі;
өнімнің өзіндік құнын кеміту;
төлем қабілеттілігі;
өндіріске өз инвестицияларын ұлғайту.

Сонымен қатар, экономиканың түрлі салалары бойынша өндірістің ерекшелігі (ресурс үнемдеу, материал сыйымдылығы, энергия сыйымдылығы және т.т.) ескерілетін басқа да көрсеткіштердің пайдаланылуы мүмкін.